

Әмір Рақыш Сәтұлы, Әлімтаева Л.Т.
филология ғылымдарының докторы, профессор

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті
қазақ филологиясы кафедрасы
050000, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, әл-Фараби 71,
тел.: (8727)3773333 (1327).

Шығыс септігіндегі сөзді меңгеріп құрылған етістікті, есімді сөз тіркестерін тану мәселелері

Шығыс септігіндегі сөзді меңгеріп құрылған етістікті, есімді сөз тіркестерін тану проблемаларды мынандай жағдайлар тудырады. Сөз тіркестерінің құрылуын түсіну, түсіндіру қиындық туғызады.

1. *Тілерсектен келіп қар жауды. Тілерсектен келіп* – бұл сөз тіркесінде *келіп* басыңқы компонент, мағынасы – жоғары деңгейдегі өлшемге жету. Осылай болған соң *тілерсектен* – бағыңқы сөздің шығыс септік формада тұрып байланысуы жөнсіз боп көрінеді. Сыйыстылық заңдылығы бойынша *тілерсекке дейін келіп (тілерсекке дейін келіп қар жауды)* болып құрылуға тиіс еді. *Тілерсекке дейін* – жоғарғы өлшемді атап *келіп* сөзіне сай боп тұр.

2. Осы тәрізді компоненттердің лексикалық мағынасынан туатын қатынасқа байланысу формасының сай болмай көрінуі *наныңнан жедім* деген сөз тіркесінде де бар. *Нан* сөзі тура объектіні білдіру қызметінде жұмсалғандықтан табыс септік формада тұрып қатысуға тиіс еді.

3. (Үйді) *кірпіштен салды*. Осылай құрылған сөз тіркесінде бағыныңқы компонент іске қатысқан затты атайды деп түсініп жүрміз [1]. Бұл – мағынаның конкретті көрінісінің дәл айтылуы. Бірақ *кірпіштен салынды* болып жалпы ережеге сай құрылмай (*жіптен байлады, таспен қоршады*) тұрғанын анықтау керек екені сұранып тұр.

4. *Қалада көрді, қаладан көрді* болып, жатыс, шығыс септік формада құрылған сөз тіркестерінің қатар жұмсалуды да назар аударады.

5. *Мұғалімнен оқыдым, мектептен оқыдым* деген сөз тіркесінде *оқыдым* деген сөздің қатысуын түсіндіру арқылы компоненттердің арасындағы мағыналық қатынасты нақты анықтап алу керек сияқты. Сөзді шығыс септікте меңгерген сөз тіркестерінің аталған сияқты құбылыстары олардың құрылу ережелерін табуды, түсіндіруді қажет етеді.

Сөз тіркестерінің семантикасын түсіндірудің де бірқатар мәселелері бар [2]. Бұл аспектіні шешуде екі жақты жол байқалады. Бір жолы – компоненттердің арасындағы функционалдық қатынасты ғана атау: толықтауыштық, пысықтауыштық, анықтауыштық деп. Екінші жол – компоненттердің арасындағы қатынасты нақтылауға ұмтылу. Біз осы екінші жолды таңдағанды дұрыс деп есептейміз. Компоненттердің арасындағы

қатынасты функционалдық түріне сай абстрактылап көрсету сөз тіркестері білдіретін семантикалық көріністі толық, айқын ашып бере алмайды екен.

Сөз тіркестерінің құрылымдық, семантикалық аспектілерін тануға қоямыз деген талаптың іске асыру талабымызды шығыс септік сөзді меңгеру арқылы құрылатын есімді, етістікті сөз тіркестерін талдау арқылы көрсетеміз. «Шығыс септік зат есім – етістік» типті сөз тіркестерінің бүгінгі құрылысы адамның құбыластарды абстрактылап, белгілерін жинақтай тану әрекетіне сай құрылады.

1. Бұл құрылыстағы сөз тіркестерінің басты білдіретін қатынасы қозғалыс қимылының бір зат-объектіден ұзауын, алыстауын білдіру: *үйден шықты, ауылдан шықты, қырдан бастадым*, т.б. Осы қатынас мына лексикалық құрамдағы сөз тіркестерін де өзгешелеу нақышпен көрінеді. Сол өзгеріп көрінуін анықтап алау қажет екені айқын:

а) *Теріскейден (ән) шырқадым, (ағашты) жерден көтердім;*

ә) *Мұғалімнен (білім) алдым, ағамнан үйренді;*

Ал *озды, қалды* етістіктері басыңқы компонент болып құрылған сөз тіркестерінде (*Асқардан озды, баладан артта қалды*) етістіктер ұзау мағынасын сапалық сипат қосып атап тұр, бағыныңқы зат есім сөздер қимылдың сапасына, мөлшер болатын объектіні атайды.

Көлден терең, поездан жүйрік, аттан шабан сияқты сапалық сын есімді сөз тіркестері білдіретін мағынасы да осы сипаттас.

Келтірілген фактілер шығыс септікке тән басты мағынаның құбылуын, күңгірттелуін көрсетумен қатар, түгел алыстауын да байқатады. Оған мына мысалдар да дәлел: *келгеннен күтіп отыр, (сол) тұрғаннан отырмады*.

«Шығыс септік зат есім – етістік» сөз тіркестерінің бастапқы мағыналық қатынастан алшақ-алшақ байланысқа көшу процестері белгілі заңдылыққа бағынады.

Меңгеру амалының құрылымына мол қатыстыратын – етістікті сөз тіркестер. Семантикалық қатынастың көріну сипатын осы сөз тіркестерінен іздейміз.

Етістікті сөз тіркестері

«Шығыс септік сөз – етістік» болып құрылған сөз тіркестерінің түпкі мағынасы – басыңқы компонент ретінде ұзау, ажырау мағыналы етістік келеді де, бағыңқы шығыс септікте тұрған компонент (зат есім) іс-қимылдың ұзау, алыстау пунктін атайды: *үйден шықты, қырдан бастады, етегінен сөкті*.

Бұл түпкі мағына аталатын заттың, қимылдың мағынасына сай түрліше сипатта көрінеді:

а) зат есім екінші заттың жолданған пунктін білдіреді: (*хатты*) *ауылдан жаздым (жібердім)*.

Халқыма күнгейдегі жетер ме екен шырқатып Теріскейден салған әнім. Көлік қаладан келді.

ә) бағыңқы сөз екінші заттың ажыраған бөлінген затын білдіреді: *Ағаштан (қабығын) аршыды, (шөпті) түбірінен жұлды*, т.б.

2. Шығыс септіктегі бағыңқы зат есім етістік атаған істің уақыты ретінде көрінетін затты білдіреді: *Таңнан күтіп отыр, қыстан ауылда жүр*.

Мезгілді білдіретін компонент ретінде есімшелер де қатысады: *келгеннен кірісті, жолға шыққаннан қатты жүріске түсті*.

3. «Шығыс септік ған тұлғалы есімше – етістік» болып құрылған сөз тіркестері, сөздердің семантикасы ыңғайластырғанда, себептік қатынасты білдіреді: басыңқы атаған іс-қимылға бағыңқы есімше оған себеп болған іс-қимылды атайды: *орғаннан сиреді, жүргеннен шаршады*.

Себептік қатынас «шығыс септік зат есім – етістік» түрінде құрылған сөз тіркестері арқылы да білдіріледі.

Желден құлады, сөзінен тапты. Осы мінезінен Оспанды көпшілік ұнатпайды (Ғ. Мұстафин).

4. Информацианы, білімді тану, алу, білу мағыналы етістіктер басым компонент болып, оған семантика жағынан үйлес келетін зат есім сөздер шығыс септік формада тұрып бағыңқы компонент болып қатысқан сөз тіркестері мынандай мағыналық қатынасты білдіреді: бағыңқы сөз информация, білім берген негізді атайды. *Елден естідім, кітаптан білдім, мұғалімнен білім алды, мектептен білім алды*. Соңғы екі сөз тіркесінің қысқарған варианты былай айтылады; *мұғалімнен оқыдым, мектептен оқыдым*. Бұл тіркестерде *оқыдым* жазуды тану мағынасын кеңейтіп *білім алу* мағынасына ауысып жұмсалған. Бұдан шығатын қорытынды: Сөздің жаңа мағынада жұмсалуды оның басқа құрылыстағы сөз тіркесін құруға қатысуына себеп болады.

Осы топ сөз тіркестерінің құрылуы, синтаксистің мағына алуы шығыс септік жалғауының «ұзау, алыстау» мағынасынан дамып қалыптасқан. Ал істің негізін білдіретін қатынастан себептік қатынасты білдіру шықты: *желден құлады*.

5. Мына бір мағыналық қатынаста жұмсалып құрылған сөз тіркесі бір топ өзіне ұқсас келетін сөз тіркестерінің түрлерін өрбітеді: *наныңнан жедім*.

Сөз тіркесінде *наныңнан* деген компонент *жедім* сөзіне объект (толықтауыш) ретінде қатысып тұр. Бірақ іс-әрекетке (*жеу*) нан түгел емес, бөлшегін ғана объект етіп қатыстырған болып түсініледі. Мұндай қатынасты білдіретін сөз тіркестері мол құрылып, мол жұмсалады: *суынан құйып берді, шөбінен салып алды*, т.т.

Бұл сөз тіркестерінде табыс септікте тұрып қатысуға тиіс сөздің шығыс септік тұлғада қатысуы заттың түгел, бүтін қалпында емес, бөлшегін объект ретінде қатыстыратынын (өзінен бөліп шығаратынын) білдіреді. Морфологиялық тұлғаның бұл жұмсалыстағы басты синтаксистің қызметі осы. Сөз осы формада объектілік (толықтауыштық) қатынасқа түседі. Бұл мағыналы «шығыс септік зат есім – етістік» құрылымдарын объектінің шегерілген көлемін қатыстырушы сөз тіркесі деп атағанмыз жөн.

Анология заңы бойынша бір бүтіннің бөлшегі ретінде затты атайтын сөздер (*адам – қол, аяқ, көз т.т.; ағаш – бұтақ, діңгек, жапырақ т.т.*) объект ретінде жұмсалғанда етістікпен шығыс септік тұлғада тұрып тіркеседі: *етегінен ұстады, көзінен тиді, етегінен сөкті*. Шығыс септік жалғау бұл жұмсалыста зат есім атаған затты бүтіннің бөлшегі етіп көрсетеді.

Тілерсектен саз кешіп, тоқтамай тартып шығатын қара нар керек бұл іске (Махамбет). *Қар тобықтан келіп жауды. Оқ қолынан тиіпті*.

Бөлшек екенін білдіру қажет болмаса, мысалдағы сөздер *тобыққа дейін келіп, тілерсекке дейін саз кешіп* болып қатысар еді.

Сөздің ситуациясы келген жағдайда заттың бөлшек ретінде қатысуын приоритетті түрде (басым етіп) көрсету қазақ сөйлеу дәстүрінің бір ұстанымы деп таныған дұрыс. Көмектес, барыс септікте тұрып сөйлемге қатысуға тиіс сөздердің шығыс септік тұлға аталып кетуі содан: *жамбасымен құлады – жамбасынан құлады; қолына тиді – қолынан тиді; өз қолыммен атамын ол жауызды – өз қолымнан атамын т.б.*

6. «Шығыс септік зат есім – етістік» болып құрылған сөз тіркестерінде сөздердің сөйлемге қатысу себептеріне, ыңғайына қарай шығыс септіктегі сөз етістік сөз атаған іске, әрекетке материал ретінде жұмсалған затты білдіреді: *кірпіштен қалады, бұтақтан тоқыды, ши барқыттан тікті*.

Сөз тіркесіне зат есімнің шығыс септік тұлғада тұрып осы қатысуы да затты ыңғайлас құрылыс заттың қатарына жататынын көрсетуге тырысудан пайда болған. Олай болмаса зат есімдер көмектес септік формада жұмсалған болар еді: *кірпішпен қалады, бұтақпен тоқыды, ши барқытпен тікті т.т.*

7. «Шығыс септік зат есім - етістік» типті сөз тіркестерінде бағыңқы сөз етістік атаған қозғалыстың, қимылдың статикалық мекенін білдіріп қатысады. Мұндайда басыңқы ретінде *ұстады, жолықты, көрді, түсті* тәрізді статикалық күйді білдіретін етістік сөз қатысады: *қаладан жолықты, жолдан көрді, станциядан ұстады*.

Бағыңқы сөздердің жатыс септігінде жұмсалмай шығыс септігін қабылдауы шығыс септігінің ертедегі синкреттік сипатының сарқындысы (реликті) көрінісі деп білеміз.

Сол тұстан ол бір жаңа қазылған борсықтың інін көрген екен, кешкі салқынмен соны қазбақшы болдық (Қ.Сақабаев).

Шығыс септіктегі сөзді меңгерген есімді сөз тіркестері

Бұл сөз тіркестері бағыңқысы мамандықты, кәсіпті, спорттық дәрежені атайтын зат есімдер (*мұғалім, чемпион, тренер, маман т.т.*) басыңқы компонент болып, кәсіптің, дәреженің, мамандықтың түрін атайтын зат есімдер шығыс септік тұлғада тұрып қатысып құрылады: *математикадан мұғалім, бокстен чемпион, гимнастикадан тренер, т.б.*

Осылай құрылған сөз тіркестерінде бағыңқы сөз, басыңқы сөз атаған кәсіптің заттық сипатын көрсетеді, оның функциясы – толықтауыш.

2. Басыңқы компонент болып сапалық сын есім сөздер жұмсалып, бағыңқы компонент болып шығыс септіктегі зат есім сөздер қатысып

құрылатын сөз тіркестері бар: *желден жүйрік, трактордан күшті* т.т. осылай құрылған сөз тіркестері бір затты және оның сапасының заттық мөлшерін атайды. Бағыңқысы толықтауыш қызметінде жұмсалып тұрады.

Аталған сөз тіркестерінің семантикасын осылай түсіндірген дұрыс, нақты сияқты.

1. Қазақ тілінің грамматикасы. – Алматы, 1967, 49-б.
2. Севортян категория падежа исследования про сравнительной грамматике тюркских языков. – М, 1956. – С.55